

«Дропперлікке STOP!» 23.09.2025г -02.10.2025г

«Заң және тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында университетте Астана қаласы Сарыарқа ауданы полиция бөлімінің қызметкерлері мен «Halyk Bank» акционерлік қоғамының өкілдері студенттермен «STOP дропперство!» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру кездесуі өтті. Кездесудің негізгі тақырыптары:

- Студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру және қолданыстағы заңнама туралы хабардарлығын күшейту;
- Жастар арасындағы құқықбұзушылықтардың, әсіресе алаяқтық пен есірткі қылмыстарының алдын алу;
- Полицияның азаматтардың құқықтарын қорғаудағы және оқу орындарымен өзара іс-қимылдағы рөлі;
- Киберқауіпсіздік саласындағы дропперлік: шабуылдардағы рөлі мен одан қорғану тәсілдері.

Кездесуге университеттің 7000-нан астам студенті қамтылды. Іс-шара киберполицияның белсенді қатысуымен өтті.

